

формирования государственного аппарата – модернизация системы поступления на государственную службу, совершенствование процесса занятия вакантных должностей, адаптация, внедрение новой системы оплаты труда по факторно-бальной шкале, профессиональное развитие государственных служащих.

Результаты исследования. По итогам анализирования различных определений, уточнено понятие “профессионализация”. Авторами приведены основные изменения в нормативно-правовых документах по государственной службе Республики Казахстан. В ходе исследования выявлены результаты проделанной работы в рамках профессионализации государственного аппарата в Республике Казахстан. Качество государственного аппарата прежде всего зависит от государственных служащих, их работы, которая отображает их профессиональный уровень.

Ключевые слова: профессионализация, государственная служба, государственный аппарат, государственный служащий.

ОБ АВТОРАХ

Сергалиева Раушан Талгатовна – докторант Ph.D., Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан, e-mail: sergalieva89@mail.ru

Бугубаева Роза Олжабаевна – кандидат экономических наук, профессор, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан, e-mail: prur@keu.kz

Третьякова Лариса Александровна – доктор экономических наук, профессор, Белгородский государственный национальный исследовательский университет, Белгород, Россия, e-mail: lora_tretyakova@mail.ru

МРНТИ 06.77.64

JEL Classification: E24

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҰМЫС КҮШІ АРТЫҚ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (Жамбыл облысының мысалында)

С. А. Илашева¹, Б. Д. Бекназаров¹, С. С. Есенбекова²

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік Университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы

²Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Түркістан облысының еңбек нарығының жағдайына және оның жұмыс күшінің артуына тікелей әсер ететін факторларды зерттеу.

Әдіснамасы. Зерттеу мақсаттары үшін келесі әдістер қолданылды: экономикалық үдерістер мен құбылыстар үшін диалектикалық, топтастыру, жіктеу, синтездеу және талдау әдістері (экономикалық, статистикалық, дидактикалық, салыстырмалы және сипаттамалық).

Зерттеу бірегейлігі / құндылығы. Жұмыс күші артық аймақтардағы еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін факторлар анықталды және талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелері: аймақтың жұмыс күшінің артық болуына әсер ететін факторлар анықталды және жіктелді және артық жұмыс күші ұғымына өзіндік анықтама берілді; елдің басқа аймақтарымен салыстыра отырып, Түркістан аймағының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізілді,

зерттелген көрсеткіштерге қатысты еңбек нарығындағы дағдарыстық жағдайдың ауырлығына баға берілді; Қазақстан Республикасының Түркістан облысында халықты жұмыспен қамтудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, аймақ, еңбек ресурстары, мемлекеттік бағдарламалар.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы экономикасы мен еңбек саласындағы орасан зор өзгерістерге қарамастан, оның жекелеген аймақтарында осы күнге дейін қазіргі заманғасай келетін және әлеуметтік-экономикалық стратегиялардың негізгі векторларымен үйлесетін жұмыспен қамту парадигмасы әлі дамымаған, халықтың жұмыспен тиімді қамтылуын қамтамасыз етудегі институционалдық тәсілдер жаңартылмаған.

Бұл мәселелерді шешудің күрделілігі қоғам үшін ең ауыр экономикалық және әлеуметтік мәселелердің халықтың жұмыспен қамту саласында шоғырлануымен байланысты болып отыр: құрылымдық және аймақтық теңгерімсіздіктердің күшеюі, еңбек әлеуеті сапасының регрессивті өзгеруі, халық табысының төмен болуы, жұмыссыздық, жұмыспен қамтудың бейресми қатынастарының өсуі, бақыланбайтын сыртқы еңбек миграциясы және басқалары.

Бұл мәселе ұзақ уақыт бойы өндірісті аумақтық ұйымдастыру мәселелеріне, еңбек әлеуетінің ұдайы өндірісіне, кәсіпорындардың кадрларын даярлау және қайта даярлау механизмдеріне назар аударылмаған аймақтарда өткір тұр, сондықтан аймақтардың шаруашылық құрылымдарындағы жұмыс күші мен оған деген сұраныс арасында айтарлықтай алшақтықты тудырды.

Қазақстан Республикасының жұмыс күші мол аймақтарының бірі – Түркістан облысы. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қайшылықтармен және белгілі бір күрделілікпен сипатталады. Бір жағынан, бұл еңбек ресурстарының жеткілікті санын көрсететін қолайлы демографиялық ахуалы бар аймақ, екінші жағынан, ондаған жылдар бойына аймақтағы еңбек ресурстарының саны құрылған жұмыс орындарының санынан едәуір жоғары болып отыр. Нәтижесінде – көп мөлшерде жұмыссыз халық саны қалыптасқан.

Жұмыс күші артық аймақтардағы еңбек нарығының қалыптасуы мен қызмет етуі тек жалпы ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар осы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен сипатталуы керек, бұл жұмыс күші артық аймақтардағы еңбек нарығын реттеу жүйесіне белгілі бір ерекшелік енгізеді және оны өте өзекті етеді [1].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Жұмыс күші артық аймақтардағы еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру оның қалыптасуындағы әр түрлі әдістемелік және әдіснамалық тәсілдердің орнын, рөлін және үйлесімін анықтауға негізделген. Аймақтық еңбек нарықтарының жұмыс істеуі мен даму жағдайларына байланысты жұмыс күшіне сұранысты қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру тиімді басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету еңбек ресурстарының шарттарымен, құралдарымен және нысандарымен өзара әрекеттесу кезінде диагностика, бақылау, үлгілеу және болжау әдістерінің жиынтығы қолданылған жағдайда мүмкін болады. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы мәліметтері бойынша жұмыс күші көп аймақтар Алматы, Түркістан облыстары және Алматы қаласы болып табылады (кесте 1).

Алматы облысында 2019 жылы еңбекке қабілетті халықтың жалпы санынан (1 038,7 мың адам) 991,0 мың адам немесе 95,4 % жұмыспен қамтылған. Жұмыспен қамтылғандардың ішінен жалдамалы жұмысшылар 723,9 мың адамды құрады, яғни 73 %, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 267,1 мың адам немесе 27 %. Аймақтағы жұмыссыздық деңгейі 4,6 % құрайды.

Алматы қаласы бойынша еңбекке қабілетті 986,6 мың адамның 959,0 мың адамы немесе 97,2 % жұмыспен қамтылған. Оның 879,2 мың адамы немесе 91,7 % жалдамалы жұмысшылар. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 79,8 мың адамды немесе 8,3 % құрайды. Алматыда 2019 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,3 % құрады [2].

Кесте 1 – 2019 жылғы Қазақстан Республикасы аймақтар кесіндісіндегі еңбек нарығының көрсеткіштері

Ел / облыстар / қалалар	Жұмыс күші, мың адам	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	Жалдамалы жұмыскерлер, мың адам	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	Жұмыссыздар, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, %
Қазақстан Республикасы	9 221,5	8 780,8	6 681,6	2 099,2	440,7	4,8
Ақмола	427,5	407,5	278,3	129,2	20,0	4,7
Ақтөбе	437,3	416,5	356,7	59,8	20,8	4,8
Алматы	1 038,7	991,0	723,9	267,1	47,8	4,6
Атырау	332,4	316,8	278,4	38,4	16,1	4,8
Батыс Қазақстан	338,0	321,7	204,2	117,5	16,3	4,8
Жамбыл	532,5	507,0	330,1	176,9	25,4	4,8
Қарағанды	678,9	648,9	592,9	56,1	30,0	4,4
Қостанай	508,9	484,8	331,3	153,5	24,1	4,7
Қызылорда	349,1	332,3	218,2	114,1	16,8	4,8
Маңғыстау	320,9	305,5	284,3	21,3	15,4	4,8
Павлодар	409,7	390,5	329,3	61,2	19,1	4,7
Солтүстік Қазақстан	308,3	293,4	214,0	79,4	14,9	4,8
Түркістан	826,2	784,3	422,9	361,4	41,8	5,1
Шығыс-Қазақстан	712,7	678,1	478,7	199,4	34,5	4,8
Нұр-Сұлтан қ.	578,9	553,3	487,7	65,6	25,5	4,4
Алматы қ.	986,6	959,0	879,2	79,8	54,0	5,3
Шымкент қ.	431,9	409,8	284,0	125,8	22,1	5,1
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған						

Түркістан облысында 2019 жылы 826,2 мың еңбекке қабілетті халықтың 784,3 мың адамы немесе 95,3 % жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 422,9 мың адамы (53,9 %) жалдамалы жұмыскерлер болды.

Алматы қаласынан кейін жұмыссыздық деңгейі бойынша Түркістан облысы екінші орында – 5,1 %. Бірақ Түркістан облысында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының көп болуына байланысты жағдай неғұрлым күрделі болып отыр – 361,4 мың адам немесе жалпы жұмыспен қамтылған халықтың 46,1 % құрайды. Осы көрсеткіш бойынша бұл облыс республикада бірінші орында. Түркістан облысы тұрғындарының 80 %-ға жуығы ауылда тұратындықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлығы өз аулаларында «жұмысбасты» дегенді білдіреді.

Шетелдік және отандық ғылыми еңбектерде жұмыс күшінің артықтығы жаңадан құрылған жұмыс орындарының санына қарағанда басым болуымен сипатталады. Мысалы, Ш. Қ. Қутаев былай деп жазды: «Еңбек нарығындағы теңгерімсіздік мәселесі, жұмыс күші артқан аймақтарда өткір болып отыр. Жалпы жұмыс күшіне деген сұраныстың жоқтығынан қалыптасқан жұмыссыз контингент, мемлекет пен қоғамнан мәселені терең түсініп, бұл жағдайдан шығу жолын белсенді іздеуді талап етеді» [3].

Жұмыс күші артық аумақтарды анықтаудың тәжірибелік маңыздылығы – еңбек нарығының жағдайын ескере отырып, оларға жұмыспен қамту саласындағы басым даму аймақтары мәртебесін беру және оларды жұмыспен қамту мәселелерінде оларды арнайы мемлекеттік қолдаудың механизмін қалыптастыру [4].

Еңбек нарығында жұмыс күшінің артық болуы – бұл жұмыс істеу нарығының кез-келген түрі сияқты ашық жүйе, оның жұмыс істеу тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді [5]. Төменде аймақтағы жұмыс күшінің артықтығына әсер ететін факторлардың жіктелімін ұсынып отырмыз (сурет 1).

Сонымен, жұмыс күші артық аймақ табиғи және механикалық өсімнің жоғары деңгейімен сипатталады [6]; жұмыс орындарының өсу қарқынынан, еңбек ресурстарының өсу қарқыны жоғары [7]; облыста ауыл тұрғындары басым; дәстүрлі салалардағы дағдарыстың тереңдеуі, сәйкесінше әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың жұмыс күшіне сұранысының төмендеуі байқалады [8].



1-сурет. Аймақтағы жұмыс күшінің артық болуына әсер ететін факторлардың жіктемесі
Ескерту – авторлармен құрастырылған

Түркістан облысы – Қазақстанның жұмыс күші артық аймақтарының бірі. Халықтың көп бөлігі ауылдық жерлерде тұрады – 80,4 % (1,6 млн. адам), қалалық жерлерде – 19,6 % (387,2 мың адам).

Еңбек ресурстарының өсу қарқыны жаңадан құрылған жұмыс орындарының санының өсу қарқынынан едәуір жоғары болғандықтан, Түркістан облысының «жұмыс күшінің артық болуы» көптеген онжылдықтар бойы қалыптасқан. Демографиялық жағдай аймақтағы жұмыс күшінің артық болуына өз ықпалын тигізіп отыр. Халықтың табиғи өсімі бойынша облыс республикада бірінші орынды алады, жылдық өсімі орта есеппен 40,8 мың адамды құрайды.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығына мамандандырылғаны анық көрінеді. 2018 жылы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) құрылымында ауылшаруашылық өнімінің көлемі 51,1 % немесе 210,4 млрд. теңгені құрады, өнеркәсіп өндірісінің үлесі 48,9 % немесе 201,1 млрд. теңгені құрады.

Түркістан облысында еңбек нарығының үлкен шиеленіспен сипатталуы ауылдық жерлерде байқалып отыр, мұнда жұмысқа орналасу мүмкіндігі мен бос жұмыс орындарын таңдау өте шектеулі, ал жұмыссыздықтың өсу қарқыны мен ұзақтығы қалаға қарағанда жоғары және әлеуметтік мүмкін деңгейден жоғары болып отыр.

Шымкент Түркістан облысынан бөлініп шыққанға дейін, халқы 3 млн. адамға жақындаған Қазақстандағы халық ең тығыз қоныстанған аймақ болды. Дегенмен, 2018 жылы Шымкент қаласы

республикадан бөлек аумақтық-әкімшілік бірлік болып, облыстан бөлініп шыққаннан соң, Түркістан облысының халқы 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 824,9 мың адамға азайып, 2 016,0 мың адамды құрады (кесте 2).

Кесте 2 – Түркістан облысының еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2018	2019
Халқы, мың адам	2 840,9	2 878,6	1 977,0	1 984,0	2 016,0
Жұмыс күші, мың адам	1 216,6	1 210,0	1 197,0	832,0	826,2
Халықтың жалпы санындағы жұмыс күшінің үлесі, %	42,8	42,0	60,5	41,9	40,9
Жұмыс бастылар, мың адам	1 152,7	1 147,2	1 134,9	789,0	784,3
Жалдамалы жұмыскерлер, мың адам	638,6	644,5	652,2	429,2	429,2
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар, мың адам	514,1	502,8	482,6	359,8	361,4
Жұмыспен қамтылған халық санындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі, %	44,6	43,8	42,5	45,6	46,1
Жұмыссыз халық, мың адам	63,9	62,8	62,1	43,0	41,8
Жұмыссыздық деңгейі, мың адам	5,2	5,2	5,2	5,2	5,1

Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2019 жылы Түркістан облысында жұмыс күшінің саны 826,2 мың адамды немесе облыс халқының 40,9 % құрады. 2015 жылдан 2019 жылға дейін Түркістан облысында жұмыс күшінің саны 1 216,6 мың адамнан 826,2 мың адамға дейін азайды. Ең үлкен төмендеу 2018 жылы орын алды және ол жоғарыда айтылғандай, аумақтық-әкімшілік қайта құруларға байланысты болды. Халықтың жалпы санындағы жұмыс күшінің жоғары үлесі 2017 жылы байқалды – 60,5 %.

Жалпы жұмыс күшінің төмендеуіне қарамастан, 2015-2017 жылдары жалданған жұмысшылар саны 2,1 %-ға өсті. 2018-2019 жылдары олардың саны 429,2 мың адам деңгейінде қалды. 2015-2017 жылдар аралығында өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың саны орта есеппен 3,1 %-ға төмендеді. Дегенмен, 2018 жылдан бастап олардың саны көбейе бастады, сондықтан 2018 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жұмысбастылар санындағы үлесі 45,6 %-ды құрады, ал 2019 жылы – 46,1 %-ды құрады. Соңғы бес жыл ішінде жұмыссыздар санының төмендеуі Түркістан облысының еңбек нарығындағы оң үрдіс болып табылады. Мысалы, 2015 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде олардың саны 3,4 %-ға азайды. Бірақ, олардың облыстың еңбекке қабілетті халқына қатысты деңгейі іс жүзінде өзгеріссіз қалады – 5,2 %, тек 2019 жылы бұл көрсеткіш 5,1 %-ға дейін төмендеді.

2019 жылы жұмыспен қамтылғандардың неғұрлым жоғары саны саудада байқалды: 217,8 мың адам, ауыл шаруашылығында – 186,2 мың адам және білім беру саласында – 182,6 мың адам. Құрылыста – 92,3 мың адам, 85,1 мың адам – көлікте, 41,7 мың адам – өңдеу өнеркәсібінде жұмыспен қамтылды.

Түркістан облысында ауылдық жерлерде, еңбекке қабілетті халық санының жыл сайынғы төмендеуі байқалады, негізінен қалаларға және бұл басқа аймақтарға қоныс аударумен байланысты. Мысалы, 2015 жылдан 2019 жылға дейін ауылдағы жұмыс күшінің саны 771,1 мың адамнан 676,6 мың адамға дейін немесе 14 %-ға азайды. Көбінесе еңбекке қабілетті жастағы жастар кетеді.

2019 жылы еңбекке қабілетті жастардың саны бойынша Түркістан облысы Алматы облысы мен Алматы қаласынан кейін 3-орынға ие болды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2019 жылы облыста 3,2 %-ды құрап, Қарағанды облысынан (5,1 %) және Алматы (5,7 %) мен Нұр-Сұлтан (4,5 %) қалаларынан кейінгі 4-орынды алды.

Әйелдер арасындағы жұмыссыздықта Түркістан облысында ең жоғары деңгейде болып отыр – Қазақстан Республикасының басқа аймақтары арасында 3-орында. Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің себебі – көптеген отбасылар, әсіресе ауылдық жерлерде, көпбалалы отбасыларға жатады және мұндай отбасылардағы әйелдер бала тәрбиесімен айналысқандықтан жұмыс істей алмайды.

Халықаралық стандарттар бойынша Қазақстанда және оның аймақтарында еңбекке жарамды 15-64 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған халықтың үлесі жоғары деңгейде, орта есеппен 73 %, жұмыссыздық деңгейі 4,8 % құрайды. Мысалы, Бельгияда 2019 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,3 %, Швецияда 6,9 %, Францияда 8,4 %, Италияда 9,8 %, Испанияда 13,7 %, Грецияда 16,6 % болды [9]. Бірақ, Қазақстандағы жұмысбастылықтың жоғары болуы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жоғары үлесімен байланысты, әсіресе жұмыс күші басым аймақтарда, олардың үлесі жұмыспен қамтылған халықтың 25 %-ына жетеді (Түркістан облысында – 46 %), ал дамыған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың үлесі барлық жұмыспен қамтылғандардың шамамен 10 %-н ғана құрайды.

Осылайша, Түркістан аймағының еңбек нарығындағы мәселелерді шешу үшін еңбек нарығының құрылымында сапалы өзгерістер қажет. Аймақтың аграрлық өнеркәсіптік кешенінде ірі инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесін азайту және экономиканың нақты секторында жұмыспен қамтылғандардың үлесін арттыру қажет. Инвестицияның жаңа толқынын тарту үшін жағдай жасауға, жаппай кәсіпкерлікті, туризмді, өңдеу өнеркәсібін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және экономиканың басқа салаларын дамытуға назар аудару қажет.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ЖӨӨ құрылымындағы өңдеуші салалар өнімінің үлесі аймақ экономикасының даму деңгейінің сипаттамасы болып табылады [10], өз кезегінде, өндіріс көлемінің ұлғаюы еңбек өнімділігінің артуына және жасырын жұмыссыздықтың төмендеуіне әсер етеді, өңдеу өнеркәсібіне инвестициялардың көбеюі – жұмыс орындары санының өсуіне және сәйкесінше жұмыспен қамтудың артуына алып келеді.

Түркістан облысы өнеркәсіпті дамыту үшін жеткілікті әлеуетке ие болғанымен, ол Қазақстан Республикасының басқа аймақтарынан едәуір артта қалып отыр. Мысалы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін факторлардың қатарына жағымды географиялық орналасуы: аймақ Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан, Еуропадан, Ресейден, ТМД елдерінен басқа Орталық Азия елдеріне транзиттік маршруттар оның аумағы арқылы өтеді, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі жұмыс істейді, және қолайлы жылы климат жыл бойы жемістер мен көкөністерді өсіруге қолайлы болып табылады.

Уран қоры бойынша Түркістан аймағы әлемде Австралиядан кейін 2-орында, фосфориттер мен темір кендері бойынша республикада 3-орында. Облыста темір және полиметалл кендерінің кен орындары бар. Аймақта сонымен қатар құрылыс материалдарын өндіруге арналған минералды ресурстар бар (әктас, гипс, кварц құмы, отқа төзімді керамика және бентонит саздары, минералды бояулар, сәндік тастар, травертин).

Аймақта білім беру ресурстары бар: Түркістан облысында 11 жоғары оқу орны (75 мыңға жуық студент оқытылады), 92 техникалық және кәсіптік оқу орындары (77 мыңнан астам студент оқиды) бар. Облыстың жалпы өңірлік өнімінің көрсеткіштері елдің индустриалды аймақтарына қарағанда екі есеге төмен. Сонымен, 2019 жылы облыстың ЖӨӨ елдің ЖІӨ құрылымының 5,9 % құрады, ал Қазақстан Республикасының индустриалды аймақтарында бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары, мысалы, Атырау облысының ЖӨӨ 2019 жылы 10,9 %, Қарағанды облысы – 7,9 %, Маңғыстау – 6,2 %, Алматы – 21,8 % және Нұр-Сұлтан – 10,6 %.

2017 жылға арналған Түркістан облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілген.

Түркістан облысында өнеркәсіп өндірісінің жыл сайынғы өсімі байқалады, дегенмен, жоғарыда айтылғандай, елдің индустриалды аймақтарымен салыстырғанда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Мысалы, 2019 жылы облыстағы өнеркәсіп кәсіпорындары 832 114 млн. теңгенің өнімін өндірді. Егер Атырау облысында 5 508 219 млн. теңге (Түркістан облысына қарағанда 6,6 есе көп) өнеркәсіп өнімдері өндірілсе, Қарағандыда – 2 318 440 млн. теңге (2,8 есе), Маңғыстауда – 2 316 201 млн. теңге (2,8 есе), Батыс Қазақстан облысы – 1 914 501 млн. теңге (2,3 есе), Павлодар – 1 778 386 млн. теңге (2,1 есе), Шығыс Қазақстан облысы – 1 581 530 млн. теңге (2 есе), Ақтөбе қ. 1 597 086 млн. теңге сомасына (2 есе) көп өндірілген.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасы мен оның өңірлерінің 2019 жылғы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

Ел / облыс / қала	Халқы, мың адам	ЖІӨ – дегіЖӨӨ-нің үлес салмағы, %	Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн.теңге	Негізгі капиталға инвестициялар, мың теңге	ҒЗТҚЖ-ға шығындар, миллион теңге	ШОК көрсеткіштері	
						ШОК саны, дана	Жұмыспен қамтылған, адам.
Қазақстан	18 631,7	100,0	29 380 342	12 576,7	82 333,1	1 145 994	3 190 133
Ақмола	736,7	2,9	791 161,9	333 723	1 694,3	45 453	132 057
Ақтөбе	875,2	4,2	1 597 086	438 049	4 371,8	54 417	137 499
Алматы	2 048,5	4,5	795 684	524 217	915,2	109 877	239 931
Атырау	639,2	10,9	5 508 219	2 468 570	3 805,6	42 897	126 650
Батыс Қазақстан	655,1	4,3	1 914 501	407 589	299,9	37 111	113 115
Жамбыл	1 129,3	2,5	374 029	225 863	1 233,8	58 692	120 131
Қарағанды	1 377,8	7,9	2 318 440	363 267	4 969,0	79 276	232 239
Қостанай	870,7	3,4	764 326	202 289	2 781,8	48 237	154 362
Қызылорда	799,4	2,7	731 408	243 100	792,6	37 450	85 610
Маңғыстау	688,1	6,2	2 316 201	434 446	8 544,5	47 015	116 175
Павлодар	2 016,0	5,9	832 114	485 402	1 338,1	177 411	332 339
Солтүстік Қазақстан	753,0	4,4	1 778 386	483 795	337,4	41 311	131 300
Түркістан	551,8	2,0	240 530	191 689	190,7	27 587	102 393
Шығыс Қазақстан	1 376,1	5,8	1 581 530	436 107	6 907,7	79 966	227 440
Нұр-Сұлтан қ.	1 104,1	10,6	573 927	956 891	27 844,7	97 251	328 227
Алматы қ.	1 877,6	21,8	902 537	644 406	27 152,5	169 985	613 217
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған							

«Негізгі капиталға инвестиция» көрсеткіші бойынша Түркістан облысы басқа аймақтармен салыстырғанда орташа позицияны алады. 2019 жылы облыста негізгі капиталға салынған инвестициялар 485 402 млн. теңгені құрады. Бірақ, Түркістан облысында өндірісті дамыту және жаңғырту үшін инвестицияның көп бөлігі жергілікті бюджеттен – 87 406 млн. теңге, республикалық бюджеттен – 54 147 млн. теңге қаржы бөлінгенін ескеру қажет. Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Астана сияқты аймақтардың экономикасы 2019 жылы республикалық бюджеттен көп қаржыландырылды.

2019 жылы Түркістан облысындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 6,5 % құрады. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) жұмсалатын шығындардың деңгейі мен кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі бойынша облыстың индустриалды дамыған аймақтар арасында инновациялық әлеуетінтөмен бағалауға болады.

Аймақта тіркелген заңды тұлғалардың үлесі республика бойынша жалпы санының 30,5 %-ды құрады, ал шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны Қазақстан аймақтарының ішінде ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнестің саны және ондағы жұмысшылар саны бойынша Түркістан облысы басқа аймақтар арасында 1-орын алып отыр.

Талдау негізінде біз Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайына сипаттама бердік (кесте 4).

Кесте 4 – Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің сипаттамалары

Демографиялық әлеует	Аймақ халқы (еңбек және тұтынушылық әлеует) 2016,0 мың адам (2019) Туу коэффициенті жоғары Жұмыс күші артық аймақ Төмен урбанизация Халықтың аймақ бойынша біркелкі орналаспауы
Өндірістік әлеует	Өнеркәсіптік өндіріске арналған негізгі қорлардың көп мөлшері Негізгі құралдардың жоғары тозуы
Инвестициялық әлеует	Инвестициялық инфрақұрылым Инвестициялық үдерістерді бастау үшін механизмдер жүйесі Әлеуетті инвесторларды жоғары деңгейдегі әкімшілік қолдау Әкімшілік рәсімдердің күрделілігі Инвестициялық алаңдар мен салалар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі
Көлік және инфрақұрылым әлеуеті	Өнеркәсіптік кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге және өнімді экспорттауға арналған кеңейтілген теміржол желісі Аймақты газбен жабдықтау, өнеркәсіптік өндірісті электрмен және жылумен жабдықтаудың кең желісі Дамыған телекоммуникация желісі Әуе қозғалысының әлсіздігі Жаңа жолдар құрылысының жоғары қарқыны Электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру мәселесі, трансформаторлық кіші стансалардың жоғары тозуы, электр желілерінің төмен жұмыс қабілеттілігі
Инновациялық әлеует	ҒЗТКЖ құрылымдары ҒЗТКЖ-ға кадрларды даярлаудың мүмкіндіктері Жаңа өнімдерді шығару және жаңа технологияларды енгізу бойынша дайын әзірлемелер ҒЗТКЖ-мен айналысатын ұйымдардың аз саны Ғылыми кадрлардың аз саны Инновацияның әлсіз материалдық-техникалық базасы ҒЗТКЖ-дағы бизнес пен ғылымның әлсіз қызметі
Ескерту – авторлармен құрастырылған	

Жүргізілген талдау мәліметтерін қолдана отырып, елдің басқа аймақтарының арасында Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің рейтингі жасалды (сурет 2).



Сурет 2 – Елдің басқа аймақтары арасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің рейтингі

Ескерту – авторлармен құрастырылған

Түркістан облысының өндірістік-экономикалық әлеуетін бағалау көрсеткендей, ол Қазақстан Республикасының 16 аумақтық субъектілері арасында аймақ өнеркәсіп өндірісі бойынша 8-орын,

ал негізгі құралдардың қол жетімділігі бойынша 9-орынға ие. Өндірістегі негізгі қорлардың тозу дәрежесі және капитал өнімділігі бойынша облыс Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік дамыған аймақтарынан едәуір төмен.

Инновациялық қызмет нашар дамыған: ҒЗТКЖ шығыстары бойынша облыс 8-орында, ал Оңтүстік Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі бойынша 14-орында. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізген ұйымдардың саны бойынша облыс ұйымдардың жалпы санында 7-орында тұр.

Инвестициялық қызметке қатысты жағдай жақсы және «негізгі капиталға инвестиция» көрсеткіші бойынша облыс 5-орынды алады. Түркістан облысы жоғары кәсіпкерлік әлеуетімен ерекшеленеді, бұл аймақтағы өндірісті одан әрі дамытудың оң факторларының бірі болып табылады.

Өсу кезінде, дағдарыс жылдары және экономиканы қалпына келтіру кезеңінде Түркістан облысының инфрақұрылымы мен адам әлеуетінің көрсеткіштері Қазақстан Республикасы үшін орташа мәндерден едәуір төмен болды. Өнеркәсіптік инфрақұрылымды құру, сондай-ақ білікті мамандар даярлау үшін көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар қажетболуы мүмкін [9]. Егер бір реттік ірі инвестициялар аймақтың өндірістік және қаржылық әлеуетінің көрсеткіштерін едәуір жақсартса, онда инфрақұрылымдық және адами әлеуетті арттыру аймақтық органдардың ұзақмерзімді және мақсатты жұмысын талап етеді [11]. Аймақтық билік те, бизнес те Түркістан аймағының инфрақұрылымдық және адами әлеуетінің сапасын арттыруға мүдделі, өйткені кез-келген инвестициялық жобаны инфрақұрылымдық және адами әлеуетті пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес.

Халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешу және жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін Қазақстан Республикасының үкіметі жұмыс орындарын сақтау және азаматтарды жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауда.

2011 жылы Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы (бұдан әрі – Жұмыспен қамту 2020 жол картасы) күшіне енді. Бағдарлама дағдарыстан кейінгі шағын және орта бизнесті қолдау мәселелерін шешті. Бағдарлама көрсеткіштерінің бірі 2019 жылы шағын және орта бизнесте (ШОБ) жұмыспен қамтылғандар санының 2014 жылғы деңгейден 50 %-ға артуы болып табылады [12].

Осы бағдарламаны басқару үшін еліміздің барлық аймақтарында «Жұмыспен қамту орталықтары» құрылды. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ауыл тұрғындарына кәсіпкерлік іске жеңілдетілген шарттармен несие беру, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған Бағдарламаға қатысушыларына еңбекақыны бөлшекті субсидиялау түрінде кәсіпкерлікті бастауға қолдау көрсетеді. Дегенмен, осы бағдарламалар шеңберінде қаржылық қолдау алу шарттары ауыл тұрғындары үшін өте қиын. Өткізілген сауалнамалардың нәтижелері тұрғындардың ШОБ-ті дамытудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша несиелеу шарттарына қанағаттанбауын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметі аймақтық кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын ұстап тұру және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша жүргізілген үлкен жұмыстарға қарамастан, Түркістан облысының еңбек нарығындағы жағдай әлі де күрделі.

Іс-шаралардың көп бөлігі және сәйкесінше бюджет қаражаты уақытша жұмыс орындарын құруға бағытталған [13]. Осы бағыттар бойынша қатысушылардың жұмысқа орналасу мерзімі 6 айдан 12 айға дейін. Бұл нәтижелі жұмыспен қамтудың мақсаттарына сәйкес келмейді. Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту бағдарламалары 10 жылдан астам уақыт қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына дейін қысқарды [14].

Осы бағдарламалардың тиімділік нәтижелеріне, ең алдымен ұлттық өнімге немесе еңбек өнімділігінің өсуіне қосқан үлесіне ешкім жан-жақты талдау жүргізген жоқ. Халықты өнімді жұмыспен қамтуға тарту мәселесі, біздің ойымызша, тиімді шешілмей жатыр. Ол үшін барлық мемлекеттік, салалық, аймақтық бағдарламалар жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталуы қажет. Біздің ойымызша, тұрғындардың мақсатты топтарын, яғни жұмыссыздарды, нәтижесіз және бейресми жұмыспен қамтылғандарды жұмысқа орналастырудың тиімді шаралары кешенін дайындау қажет, оларды басымдылық ретінде анықтап, демек азаматтарға тұрақты жұмыс орындарымен қамтылуына, әсіресе ауылдық жерлерде жұмыс табуына мүмкіндік беретін бағыттар мен құралдарды бюджеттен қаржыландыру.

Бірқатар өңдеу өнеркәсібін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және сәйкесінше халықты тұрақты жұмыс көзімен қамтамасыз ету мақсатында шағын және орта бизнесті қолдауды күшейту бойынша шаралар қабылдау қажет [11].

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ – бұл тетікті Үкімет ұсынады) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды «көлеңкеден» шығаруға жеткіліксіз. Әрбір мақсатты топ үшін әкімшілік және ынталандырушы экономикалық шаралар жүйесін ойластыру қажет. Сонымен қатар, болашақ БЖТ төлеушілерін олардың кәсіпкерлер мәртебесіне өтуі үшін ынталандыру механизмін әзірлеу қажет.

Білім беру жүйесі еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай болуы керек, демек, цифрландыру қарқыны мен қамтуды жеделдету және тұрғындарды кәсіпкерлік қызметке белсенді тарту қажет.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік саясатын сәтті жүзеге асыру үшін әлеуметтік-экономикалық болжау жүйесін құру қажет, ол өндіргіш күштердің даму бағыттарынан басқа орта және ұзақ мерзімді перспективада еңбек ресурстарының саны мен құрылымының параметрлерін анықтауы керек [15].

Осылайша зерттеудің мақсатына сай оңтүстік аймақтағы жұмыс күшінің артық болуына әсер ететін факторлар толықтай анықталып, жіктелді. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырмалы талдау жасалынып, Түркістан аймағының еңбек нарығындағы дағдарыстық жағдайдың ауырлығы айқындалды.

Әсіресе Түркістан облысының ауылдық жерлерінде жұмыс күшін еңсеру, жұмыссыздықты азайту үшін экономиканың жалпы өсімі жеткіліксіз, демографиялық және әлеуметтік факторлардың әсерін ескеретін арнайы саясат, халық саны өсіп келе жатқан ауылдық округтерде жұмыс орындарын құру, көші-қон бағдарламалары, кәсіби қайта даярлау жүйесі қажет. Бұл жағдайда жұмыс күшінің тиімділік тетігін әзірлеу, ауыл халқын жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық моделін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жаңа жұмыс орындарын құру үшін өңдеу өнеркәсібінің бірқатар салаларын дамыту және шағын және орта бизнесті дамыту тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау қажет. Алайда, өңірлік өнеркәсіпті дамытуға жылдар кететінін, ал жұмыссыздық проблемасын бүгін шешу керек екенін ескеру қажет. Бұл жағдайда халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешуге шағын және орта бизнестің қатысуын одан әрі күшейту қажет.

Талдау көрсеткендей, Түркістан облысы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны және оларда жұмыспен қамтылғандар саны бойынша басқа өңірлер арасында 1-орында. Жергілікті билік органдары шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі кейбір жобаларды қаржыландыру, бірлесіп қаржыландыру және субсидиялау арқылы өтеусіз негізде консалтингтік, консультациялық қызметтер ұйымдастырды. Дегенмен, Түркістан облысының экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі әзірге қажетті көрсеткіштерге жетпеген фактіні мойындауға тура келеді. Осы уақытқа дейін халықтың көпшілігі арасында арнайы сауаттылықтың қажетті деңгейі жоқ, кәсіпкерлік саланы қолдаудың өңірлік саясаты қалыптаспаған, кәсіпкерлік саласын қаржыландыруға қолжетімділік шектелген, жағымсыз бизнес-ахуал, кадр ресурстарымен және өткізу нарықтарымен проблемалар және т. б. Мұның бәрі осы саладағы бірқатар проблемалардың себебі болып табылады. Салалық және аймақтық құрылым ұтымсыз. Кәсіпкерліктің қалыптасуын басқару әрекеттері көбінесе эпизодтық және ғылыми емес. Кәсіпкер мен оның меншігіне қол сұғушылықтан қорғаудың ашық жүйесі әзірленбеген.

Осыған байланысты, Түркістан облысындағы шағын бизнесті дамыту проблемаларын еңсерудің негізгі бағыттарын іске асыру қажет, атап айтқанда:

- шағын кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің өсуі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау;
- ғылыми-техникалық, инновациялық, инвестициялық, баға саясатын қоса алғанда, экономикалық саясатты іске асыруға;
- шағын бизнесті тиімді дамытуды қамтамасыз ету үшін салық және несие-қаржы саясатын іске асыру;
- шағын кәсіпорындарға сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- шағын кәсіпорындарға қатысты әрбір сала мен өңірдің, кәсіпкерлердің жекелеген топтарының және қызмет түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы қолдау шараларын қолдану: қолөнерді, маусымдық жұмыстарды, қызметті ұйымдастырудың артельдік және отбасылық нысандарын көтермелеу;

- тіркеу тәртібін және есептілік нысандарын оңайлату, лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесін қысқарту.

- әлеуметтік сақтандыру бойынша шығындарды төмендету. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу мемлекеттік реттеу саясатының мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған, атап айтқанда:

-жұмыспен қамтуды, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, халықтың жалпы әл-ауқатының өсуін қолдау;

- инвестициялық процестерді қарқындату;

- жаңа өнімдерді әзірлеуді қаржыландыру арқылы инновацияларды ынталандыру;

Бұл шаралар халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және қалалық, сол сияқты ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру мәселелерін шешуге шағын және орта кәсіпкерліктің қатысуын одан әрі күшейтуге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)

Аймақтық және ұлттық демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, еңбек нарығының көрсеткіштерін салыстырмалы, дидактикалық және сипаттамалық талдау, ұлттық және халықаралық заңнаманы, жұмыс күшінің артуына қатысты тәжірибелер мен әдебиеттерді зерделеу арқылы зерттеу міндеттері орындалды, зерттеудің мақсаты орындалды және келесі нәтижелер алынды.

Түркістан облысында дамыған аграрлық өнеркәсіптік кешеннің болуына, көліктік, ресурстық, минералды-шикізаттық, климаттық, білім беру және еңбек әлеуетіне қарамастан, еңбек нарығы өзінің теңгерімсіздігімен, жұмыс күшіне жиынтық сұраныстың аздығынан қалыптасқан жұмыссыздық контингентінің басым болуымен ерекшеленеді. Нәтижесінде аймақ елдегі ең жұмыс күші артық аймақ болып табылады.

Зерттеу барысында аймақтың жұмыс күшінің артық болуына әсер ететін жалпы факторлар анықталды, олардың анықталуы Түркістан облысы мысалында келесілер болып табылады: халықтың табиғи және механикалық өсуінің жоғары деңгейі; жұмыс орындарының өсу қарқынынан, еңбек ресурстарының өсуінің жоғары қарқынының болуы; ауыл тұрғындарының басым болуы; дәстүрлі салаларда дағдарыстық құбылыстардың тереңдеуі және кәсіпорындар тарапынан жұмыс күшіне сұранысының төмендеуі.

Зерттеудің әдістері, нәтижелері мен ұсыныстары мемлекеттік билік органдарына оларды аймақты дамытуға бағытталған аймақтық бағдарламаларды дайындау кезінде, еңбек нарығында жағдайды жақсартуға қолдануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ашуров С. Б. К вопросу о потенциальной емкости рынка рабочей силы // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия Инженерные исследования. – 2011. – № 2. – С. 111–140.

2. Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері [Электронды ресурс]. – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [Ресми сайт]. – 2019. – URL: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (қарау уақыты: 27.10.2020).

3. Кутаев Ш. К. Конкуренция на рынке труда трудоизбыточного региона // Региональная экономика: теория и практика. – 2009. – № 39 (132). – С. 35–37.

4. Чотчаева М. З. К вопросу о занятости населения в трудоизбыточном регионе // Terra Economic. – 2007. – № 11. – С. 328–332.

5. Дегтева Д. А. Сравнительный анализ моделей рынка труда Казахстана и России: докт. дисс.

[Электронды ресурс] // Южно-Уральский государственный университет. – 2018. – URL: <https://dspace.susu.ru> (қарау уақыты: 28.10.2020).

6. Güçlü M. Regional Unemployment Disparities in Turkey // ESPERA –Romanian journal of economic forecasting. – 2017. – № 20 (2). – P. 94–108.

7. Азимова М. Т. Современный рынок труда и проблемы его функционирования // Социально-экономические явления и процессы. – 2017. – Т. 12. – № 1. – С. 7–13.

8. Jelic S., Jovanovic T., Zivkovic D. Unemployment Determinants in Rural Areas of Serbia in Transition Period // International Conference on Competitiveness of Agro-food and Environmental Economy Proceedings: The Bucharest University of Economic Studies. – 2016. – Vol. 5. – P. 110–115.

9. Уровень безработицы в странах Европы ЕС: итоги 2019 [Электронды ресурс] // Аналитика / рейтинг [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://ultramodern-home.ru/2020/02/uroven-bezraboticy-v-stranax-evropy> (қарау уақыты: 27.11.2020).

10. Мухтарова К. С., Мылтыкбаева А. Т. Повышение инновационного развития в системе управления регионами РК [Электронды ресурс] // Институт экономики и права Ивана Кушнера. Международный экономический форум [web-сайт]. – 2013. – URL: <https://be5.biz/ekonomika1/r2013/2272.htm> (қарау уақыты: 27.11.2020).

11. Karaalp-Orhan H. S., Gülel F. E. The Impact of the Global Financial Crises on Regional Unemployment in TURKEY [Электронды ресурс] // International Journal of Economic Perspectives [web-сайт]. – 2016. – URL: <http://acikerisim.pau.edu.tr:8080/xmlui/browse?type=author&value=Karaalp-Orhan%2C+H.S.> (қарау уақыты: 28.10.2020).

12. Жұмыспен қамту 2020 жол картасы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2015. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000162> (қарау уақыты: 29.10.2020)

13. Ахметов А., Мингали Г. Трудовое право Республики Казахстан. – Litres, 2005. – 455 с.

14. Колесник В. С. Государственное регулирование рынка труда в сельской местности // Новая наука: Современное состояние и пути развития. 2014. – № 10-1. – С. 69–72.

15. Бексултанова А. И. Проблема занятости населения в РФ // European Research. – 2017. – № 5 (28). – С. 38–41.

REFERENCES

1. Ashurov, S. B. (2011), “K voprosu o potencial'noj emkosti rynka rabochej sily”, Bulletin of the Russian University of Friendship of Peoples, Engineering research series, No. 2, pp. 111–140 (In Russian).

2. “The main socio-economic indicators of the Republic of Kazakhstan” (2019), Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National Statistics, available at: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (accessed: October 27, 2020) (In Russian).

3. Kutaev, Sh. K. (2009), “Konkurenciya na rynke truda trudoizbytochnogo regiona”, Regional economy: theory and practice, No. 39 (132), pp. 35–37 (In Russian).

4. Chotchaeva, M. Z. (2007), “K voprosu o zanyatosti naseleniya v trudoizbytochnom regione”, Terra Economic, No. 11, pp. 328–332 (In Russian).

5. Degteva, D. A. (2018), “Sravnitel'nyj analiz modelej rynka truda Kazahstana i Rossii”, Doctoral dissertation, South-Ural State University, available at: <https://dspace.susu.ru> (accessed: October 28, 2020) (In Russian).

6. Güçlü, M. (2017), “Regional Unemployment Disparities in Turkey”, ESPERA – Romanian journal of economic forecasting, No. 20 (2), pp. 94–108.

7. Azimova, M. T. (2017), “Sovremennyy rynek truda i problemy ego funkcionirovaniya”, Socio-economic phenomena and processes, Vol. 12, No. 1, pp. 7–13 (In Russian).

8. Jelic, S., Jovanovic, T., and Zivkovic, D. (2016), “Unemployment Determinants in Rural Areas of Serbia in Transition Period”, International Conference on Competitiveness of Agro-food and Environmental Economy Proceedings: The Bucharest University of Economic Studies, Vol. 5, pp. 110–115.

9. "Uroven' bezrobotitsy v stranah Evropy ES: itogi 2019" (2020), available at: <https://ultramodern-home.ru/2020/02/uroven-bezrobotitsy-v-stranax-evropy> (accessed: November 27, 2020) (In Russian).
10. Mukhtarova, K. S. and Myltykbaeva, A. T. (2013), "Povyshenie innovacionnogo razvitiya v sisteme upravleniya regionami Respubliki Kazakhstan", Ivan Kushnira Institute of Economics and Law. International Economic Forum, available at: <https://be5.biz/ekonomika1/r2013/2272.htm> (accessed: November 27, 2020) (In Russian).
11. Karaalp-Orhan, H. S., and Gülel, F. E. (2016), "The Impact of the Global Financial Crises on Regional Unemployment in Turkey", International Journal of Economic Perspectives, available at: <http://acikerisim.pau.edu.tr:8080/xmlui/browse?type=author&value=Karaalp-Orhan%2C+H.S.> (accessed: October 28, 2020).
12. "Employment Roadmap 2020", available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/P1500000162> (accessed: October 29, 2020).
13. Ахметов, А., and Mingali, G. (2005), "Trudovoe pravo Respubliki Kazakhstan", Litres, 455 p. (In Russian).
14. Kolesnik V. S. (2014), "Gosudarstvennoe regulirovanie rynka truda v sel'skoj mestnosti", New science: Modern state and development path, No. 10-1, pp. 69–72 (In Russian).
15. Beksultanova, A. I. (2017), "Problems of employment of the population of the Russian Federation", European Research, No. 5 (28), pp. 38–41 (In Russian).

SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF LABOR SURPLUS REGIONS OF KAZAKHSTAN (on the example of Zhambyl region)

S. A. Ilasheva¹, B. D. Beknazarov¹, S. S. Esenbekova²

¹M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

²Silkway International University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the research is to study the factors that have a direct impact on the condition of the labor market of the Turkestan region and its labor surplus.

Methodology. For the purpose of the study, the following methods were applied: dialectical method for economic processes and phenomena, methods of groupings, classifications, synthesis and analysis (economic, statistical, didactic, comparative and descriptive).

Originality / value of research: revealed and analyzed the factors influencing the formation and development of the labor market in labor-surplus regions.

Findings: the factors influencing the labor surplus of the region were identified and classified and their own definition of labor surplus was given; the analysis of the socio-economic indicators of the Turkestan region in comparison with other regions of the country was carried out and an assessment of the severity of the crisis situation in the labor market was given in relation to the studied indicators; the ways of increasing the efficiency of employment of the population in the Turkestan region of the Republic of Kazakhstan are proposed.

Keywords: labor market, employment, unemployment, region, labor resources, government programs.

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ
ТРУДОИЗБЫТОЧНЫХ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА
(на примере Жамбылской области)**

С. А. Илашева¹, Б. Д. Бекназаров¹, С. С. Есенбекова²

¹Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова,
Шымкент, Республика Казахстан

²Международный университет Silkway, Шымкент, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – изучение факторов, оказывающих непосредственное влияние на состояние рынка труда Туркестанской области и его трудоизбыточность.

Методология. В целях исследования применены следующие методы: диалектический для экономических процессов и явлений, методы группировок, классификаций, синтеза и анализа (экономического, статистического, дидактического, сравнительного и описательного).

Оригинальность / ценность исследования: выявлены и проанализированы факторы, влияющие на формирование и развитие рынка труда в трудоизбыточных регионах.

Результаты исследования: выявлены и классифицированы факторы, влияющие на трудоизбыточность региона и дано собственное определение трудоизбыточности; проведен анализ социально-экономических показателей Туркестанской области в сравнении с другими регионами страны и дана оценка остроты кризисной ситуации на рынке труда относительно исследуемых показателей; предложены пути повышения эффективности занятости населения в Туркестанской области Республики Казахстан.

Ключевые слова: рынок труда, занятость, безработица, трудовые ресурсы, государственные программы.

ОБ АВТОРАХ

Илашева Сауле Ашуровна – кандидат экономических наук, доцент, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, Шымкент, Республика Казахстан, e-mail: s.ilasheva@mail.ru

Бекназаров Бакыт Доктырбаевич – докторант Ph.D., Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, Шымкент, Республика Казахстан, e-mail: bakytt.8080@mail.ru

Есенбекова Сапаргул Салимбаевна – докторант Ph.D., Международный университет Silkway, Шымкент, Республика Казахстан, e-mail: sapargul.66@mail.ru